

Етістіктің морфологиялық сипаты

Морфологиялық құрылымы жағынан етістіктер дара (жалаң) және күрделі етістіктер болып екі топқа бөлінеді.

Дара етістіктер деп негізгі түбір және қосымша жалғану арқылы жасалған туынды түбір етістіктерді айтамыз.

Түбір етістіктерге қазіргі кезде түбір мен қосымшаға бөлінбейтін етістіктер жатады. Мысалы, *оқы, жаз, ал, айт, бер, ер, ат, тасы, жүгір, бас, бол, кел, кет, жет, тара*, т.б.

Тілімізде етістік түбірі неше түрлі форма тудырады. Есімше, көсемше, рай, етіс, шақ жұрнақтарымен түрленіп, оларға негіз болады. Мысалы, *берілген, берілсе, бергіздіріпті* сияқты етістік формаларының барлығына ортақ түбір – *бер* сөзі түбір саналады.

Қазіргі қазақ тілінде түбір етістіктердің барлығын қазіргі тұрғыдан түбір мен қосымшаға бөліне бермейді. Мысалы, сөйле етістігі *о* баста *сөз+ле* болып түбір мен қосымшадан жасалған туынды етістік. Алайда қазіргі кезде *сөй+ле* деп түбірі – *сөй* болады деп бөлмейміз. Мұндай түбір мен қосымша аражігі сіңісіп кеткен етістіктерді **көнеленген түбір** етістіктер дейді. Сол сияқты *ұйықта* сөзінің түбірі – *ұйық, -та* – сөзжасамық жұрнақ деп бөлуге келмейді. *О* баста *ұйқы* (ұйықы) түбірі *-та* қосымшасы жалғанғанда, фонетикалық өзгеріске түскен. Қазіргі тіл тұрғысынан біртұтас түбір сөз болып танылады.

Туынды түбір етістіктер деп қазіргі кезде түбірге арнаулы сөзжасамдық қосымшалар жалғану арқылы жасалатын етістіктерді айтамыз. Туынды етістіктер түбір мен қосымшаға бөлшектеледі. Мысалы, *ой+ла, бала+ла, ем+де, той+ла, сын+а, жасар, ес+ей, сауы+ық, жау+ық, жаңа+р, жылтыр+а*, т.б.

Туынды түбір етістіктер құрамы жағынан түбір мен қосымшадан құралғанмен, құрамындағы негізгі түбір сөзден басқа жаңа мағынаны білдіреді. Туынды сөздің құрамындағы түбір сөз бен қосымшаның мағыналарының қосылып, тұтасуы арқылы жаңа сөз жасалады. Туынды етістік жасаудағы мұндай тұтастырушы қасиет тіпті кейбір туынды сөздердің құрамын қазіргі тіл тұрғысынан түбір мен қосымшаға бөлшектеуге келмейтіндей дәрежеге жеткізген. Мысалы, *мықта, алда, бауызда, тула, тоқта, тоқыра, байла* сияқты сөздердің бастапқы түбірлері – *мық, ал, бауыз, ту, тоқ, тоқыр, бай (бау+ла)* сөздері болғанмен, олар көмескіленіп, қосымшамен тұтасып кеткен де, жаңа мағыналы сөз жасаған.

Туынды етістіктер есім негізден де, етістік негізден де жасала береді. Есім негізді туынды етістіктердің сөзжасамдық негізі – есім сөздер болады да, екінші компоненті – етістік тудырушы жұрнақ болады. Мысалы, *адым+да, жаға+ла, арқа+ла, қамшы+ла, қайрат+тан, сыр+лас, пысық+сы* т.б.

Етістік негізді туынды етістіктердің сөзжасамдық негізі – етістік сөз болады, екінші қосымша компоненті – етістік тудырушы жұрнақ болады. Мысалы, *ат+қыла, айт+тыр, бұр+мала, жыла+мсыра, жина+стыр* т.б.

Күрделі етістіктер морфологиялық құрамы жағынан бірнеше етістіктен құралады. Күрделі сөз жасаудың тәсілдері күрделі құрамды етістіктер жасауда да кездеседі. Күрделі сөздер бірігу, кірігу, қосарлану, тіркесу тәсілдері арқылы жасалады.

Бірігу тәсілі күрделі етістіктер жасаудағы өнімсіз тәсілге жатады. Тілімізде бірігу арқылы жасалған күрделі етістіктер көбінесе құрамын өзгертіп, түбірлері кірігіп кеткен. Мысалы, *таңғалу, апару, әкелу, әперу* т.б.

Қосарлану арқылы да күрделі етістіктер жасалады. Мысалы, *ұрып-жығу, ұрып-соғы, асып-тасу, жылап-сықтау, ойнап-күлу*, т.б.

Күрделі етістіктер жасаудағы өнімді тәсіл – тіркесу. Екі не бірнеше етістіктің тіркесуі арқылы жасалады. Күрделі етістіктер жасауда көмекші етістіктер үлкен рөл атқарады. Оларды тірек компоненттер деп те атайды: *кел, кет, ал, сал, бе, қал, жібер, көр*, т.б. Тірек компоненттер күрделі етістер жасауда екі түрлі қызмет атқарады. Егер күрделі етістіктің екінші компоненті – тірек компонент өз лексикалық мағыналарында қолданылса, онда ол бірінші компонентпен бірігіп, біртұтас қимылды білдіретін жаңа мағыналы сөз жасайды. Мұндай етістіктерді күрделі етістік деп атайды. Ал егер тірек компонент өз лексикалық мағынасын білдірмей, бірінші компонентке грамматикалық мағына үстесе, онда жаңа мағыналы сөз жасамай, аналитикалық формалы етістік жасайды. Осы себепті күрделі етістік тақырыбы Сөзжасам саласында, аналитикалық формалы етістіктер Морфология саласында екі бөлек қарастырылады.